



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
С.Ә. Қаныбековке

2020 жылғы 3 маусымдағы № ДС-105 хатқа

Құрметті Сәкен Әсембекұлы!

Жылыжай шаруашылықтарын мемлекеттік қолдауға қатысты келесіні хабарлаймын.

Қарыздар бойынша төлем мерзімін бір жылға ұзартумен жылыжай шаруашылықтары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарауға қатысты

Жылыжай шаруашылықтарын құруға қаржыландыруды «ҚазАгро «ҰБХ» АҚ-ның (бұдан әрі – ҚазАгро) еншілес ұйымы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ жүзеге асырады. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде соңғы қарыз алушыға субсидиялауды есепке ала отырып мөлшерлеме 6%-ды, «Агробизнес» бағдарламасы бойынша – ҚР Ұлттық қорының қаражаты есебінен – 6%-ды, Бюджеттік қаражат бойынша – 8%-ды, субсидиялауды есепке ала отырып тартылған қаражат есебінен – 7%-ды құрайды.

Сонымен қатар, Бюджет кодексінің 184-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдарға, қаржы агенттіктеріне бюджеттік кредиттер бойынша, сондай-ақ қарыз алушылар ретінде жергілікті атқарушы органдар түпкілікті қарыз алушыларға мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге беретін бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қоспағанда, бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі айналыс мерзімі бюджеттік кредиттің мерзіміне сәйкес келетін мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістіліктің орташа өлшемді мөлшерлемесінен төмен болмайтын шамада белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығына сәйкес төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты уәкілетті орган дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру шеңберінде, егер кейінге қалдыруды ұсыну қажеттілігі төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде туындаса, қарыз алушылар үшін төлемдер бойынша кейінге қалдыруды ұсыну туралы шешім қабылдады.

ҚазАгро мәліметіне сәйкес а.ж. 16 маусымдағы жағдай бойынша жылыжай шаруашылықтарынан 2,94 млрд. теңге сомасында мерзімін 1 айдан 1 жылға дейін ұзарту туралы 70 өтініш мақұлданды, қарау барысында 0,2 млрд. теңге сомасында 6 өтінім бар. Төтенше жағдаймен байланысты емес мерзімі өткен берешекке, қолданыстағы жеңілдікті кезеңге және т.б. байланысты 0,6 млрд. теңге сомасында 6 өтініш қайтарылды.

Қажет болған жағдайда, өтімділікті қолдау мақсатында еншілес ұйымдар төтенше жағдай режимін енгізуден зардап шекпеген, бірақ төлеу мерзімін 1 жыл мерзімге ұзартуға өтініш білдірген қарыз алушылар үшін мерзімі ұзартылған сыйақыны негізгі борышқа капиталға айналдыруы мүмкін.

Өнеркәсіптік жылыжайларды мемлекеттік қолдауға қатысты

АӨК субъектісі инвестициялық салымдар кезінде шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары шеңберінде («жылыжай кешенін салу және кеңейту» жобасының паспорты) инвестициялық салымдарды өтеу үлесі 25%-ға дейін көзделген, сондай-ақ тамшылатын суару жүйесін құру (50%), ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу (25%) субсидияланады.

Сондай-ақ, қорғалған топырақтағы көкөніс дақылдарын өндіруді дамыту үшін тыңайтқыштардың, өсімдіктерді қорғау құралдарының құнын субсидиялау, су беру жөніндегі қызметтердің құнын арзандатуға субсидиялар төлеу, жеңілдікті кредит беру және т.б. арқылы мемлекеттік қолдау жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта өнеркәсіптік жылыжайлар сатып алатын қызанақ және қияр тұқымдарын субсидиялау, сондай-ақ осындай жылыжайлар тұтынатын электр энергиясын субсидиялау мәселесі қарастырылуда.

Электр энергиясы бойынша сараланған тарифті қарастыруға қатысты

Түпкілікті тұтынушы үшін электр энергиясына арналған баға станцияның босату бағасына, электр энергиясын беруге арналған тарифтерге (өңіраралық және өңірлік желілер бойынша) және энергиямен жабдықтаушы ұйымның жабдықтау үстемесіне сүйене отырып қалыптастырылады.

Түпкілікті тұтынушы үшін орташа баға құрылымына мыналар кіреді:

- станциялардан электр энергиясын сатып алуға жұмсалған шығындардың 50%-ы ;

- электр энергиясын беруге арналған шығындардың 45%-дан астамы;

- қалған 5%-ы энергиямен жабдықтаушы ұйымның өндірістік қызметімен байланысты.

2020 жылғы 23 наурыздағы Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметіне жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, қысқа мерзімде азаматтарға қаржылай көмек көрсету, шағын және орта бизнес кәсіпкерлерін қолдау, көп балалы отбасыларға, мүгедектерге және аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету, оның ішінде коммуналдық қызметтер төлемін төмендету бойынша дағдарысқа қарсы шараларды әзірлеу жөнінде бірқатар тапсырмалар берді.

Жоғарыда көрсетілген тапсырманы орындау үшін Үкімет табиғи монополиялар субъектілерінің және қоғамдық маңызы бар нарықтардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне түпкілікті тұтынушылар үшін тарифтерді төмендету бойынша іс-шараларды жүргізді.

Жүргізілген жұмыс нәтижесінде бүгінгі күні төтенше жағдайдың әрекет ету кезеңінде халық үшін тарифтердің төмендеуі салалар бойынша орта есеппен шамамен 7,4%-ды, оның ішінде электрмен жабдықтау қызметтеріне 5%-ды құрады.

Станциялардың шекті тарифтерінің жоғарылауы энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың (ЭЖҰ) электр энергиясын сатып алуға арналған шығыстарын ұлғату түріндегі электрмен жабдықтауға түпкілікті бағаның артуының негізгі себебі болып табылатынын айта кеткен жөн. Тарифтерді жоғарылату, сондай-ақ, нормативтік-техникалық ысыраптарға жұмсалатын электр энергиясын сатып алу есебінен ӨЭК тарифтерінің өсуіне ықпал етеді, бұл өз кезегінде электр энергиясына түпкілікті бағаның өсуіне қосымша фактор болып табылады.

Тұтастай алғанда, тұтынушылардың жеке тобы үшін тәулік аймақтары бойынша сараланған тарифтерді енгізу мәселесі қолайсыз болып табылады, бұл тетікті барлық тұтынушылар үшін енгізуді қарау қажет.

Тәулік аймақтары бойынша сараланған тарифтерді қолдану тәжірибесі көрсеткендей, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарда шығындардың пайда болуына алып келді, өйткені түнгі тариф өзіндік құнынан төмен болды.

Заңнамаға сәйкес тұтынушылардың тәулік аймақтары бойынша сараланған тарифтерді қолдануына байланысты энергиямен жабдықтаушы ұйымның алынбаған кіріс немесе негізсіз алынған кіріс сомасы босату тарифінің өзгеруі есебінен тарифтерді кезекті қайта қарау кезінде ескеріледі.

Бұл ретте, бұл шығындар өзінің технологиялық процесін өзгерте алмаған және түнгі тұтыну үлесін арттыра алмаған тұтынушылардың (*бюджеттік ұйымдар, тұрмыстық қызметтер, дүкендер, асханалар желісі және т.б.*), сондай-ақ түнгі тұтынуға көшпеген жеке тұлғаларға жүктелді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, бүгінгі күні тәулік зоналары бойынша электр энергиясына сараланған тарифтерді қайтару мәселесі мерзімінен бұрын деп пайымдаймыз.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі**

А. Мамин

Калиев Д.
74-55-10

**Депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Каныбекову С.А.**

На письмо № ДС-105 от 3 июня 2020 года

Уважаемый Сакен Асембекович!

Относительно государственной поддержки тепличных хозяйств сообщая следующее.

Касательно пересмотра процентных ставок по тепличным хозяйствам с отсрочкой по займам на один год

Финансирование создания тепличных хозяйств осуществляется дочерней организацией АО «НУХ «КазАгро» (далее - КазАгро) АО «Аграрная кредитная корпорация». В рамках программы «Экономика простых вещей» ставка с учетом субсидирования на конечного заемщика составляет 6%, программы «Агробизнес» – за счет средств Национального фонда РК – 6%, по бюджетным средствам – 8%, за счет привлеченных средств с учетом субсидирования – 7%.

При этом согласно статье 184 Бюджетного кодекса ставка вознаграждения по бюджетным кредитам устанавливается не ниже средневзвешенной ставки доходности по государственным ценным бумагам со сроком обращения, соответствующим сроку бюджетного кредита, за исключением ставок вознаграждения по бюджетным кредитам местным исполнительным органам, финансовым агентствам, а также по бюджетным кредитам, предоставляемым местными исполнительными органами как заемщиками конечным заемщикам на решение задач социальной политики государства.

В связи с введением чрезвычайного положения в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 15 марта 2020 года № 285, уполномоченным органом в рамках реализации антикризисных мер принято решение о предоставлении отсрочки по платежам для заемщиков, если необходимость в предоставлении отсрочки возникла в результате введения чрезвычайного положения.

По данным КазАгро по состоянию на 16 июня т.г. одобрено 70 заявлений от тепличных хозяйств на сумму 2,94 млрд. тенге со сроком пролонгации от 1 месяца до года, на рассмотрении находятся 6 заявок на сумму 0,2 млрд. тенге. Отказано в 6 заявках на сумму 0,6 млрд. тенге в связи с имеющейся просроченной задолженностью, не связанной с чрезвычайным положением, с действующим льготным периодом и др.

При необходимости в целях поддержания ликвидности дочерние организации могут капитализировать отсроченное вознаграждение в основной долг для заемщиков, не пострадавших от введения режима чрезвычайного положения, но обратившихся за предоставлением отсрочки сроком на 1 год.

Касательно государственной поддержки промышленных теплиц

В соответствии с Правилами субсидирования по возмещению части расходов, понесенных субъектом агропромышленного комплекса, при инвестиционных вложениях (*паспорт проекта «Строительство и расширение тепличного комплекса»*), предусмотрено возмещение инвестиционных вложений до 25%, а также субсидируется создание оросительной системы капельного орошения (50%), приобретение сельскохозяйственной техники (25%).

Также для развития производства овощных культур в защищенном грунте осуществляется государственная поддержка путем субсидирования стоимости удобрений, средств защиты растений, выплаты субсидий на удешевление стоимости услуг по подаче воды, льготное кредитование и т.д.

Кроме того, в настоящее время прорабатывается вопрос субсидирования семян томатов и огурцов, приобретаемых промышленными теплицами, а также субсидирование потребляемой электроэнергии такими теплицами.

Касательно предусмотрения дифференцированного тарифа по электроэнергии

Цена на электрическую энергию для конечного потребителя формируется исходя из отпускной цены станции, тарифов на передачу электрической энергии (по межрегиональным и региональным сетям) и снабженческой надбавки энергоснабжающей организации.

В среднем структура цены для конечного потребителя включает в себя:

- 50% затрат на покупку электрической энергии у станций;
- более 45% затрат на передачу электрической энергии;
- остальные менее 5% затрат связаны с производственной деятельностью энергоснабжающей организации.

На заседании Государственной комиссии по обеспечению чрезвычайного положения 23 марта 2020 года Главой Государства дан ряд поручений Правительству Республики Казахстан совместно с местными исполнительными органами выработать в кратчайшие сроки антикризисные меры по финансовой помощи гражданам, поддержке предпринимателей малого и среднего бизнеса, оказанию помощи многодетным семьям, инвалидам и малоимущим, в том числе по снижению оплаты коммунальных услуг.

Во исполнение вышеуказанного поручения, Правительством были проведены мероприятия по снижению тарифов для конечных потребителей на регулируемые услуги субъектов естественных монополий и общественно-значимых рынков.

В результате проведенной работы, на сегодняшний день, снижение тарифов для населения на период действия чрезвычайного положения составило в среднем по сферам около 7,4%, в том числе на услуги электроснабжения на 5%.

Необходимо отметить, что повышение предельных тарифов станций является основной причиной повышения конечной цены на электроснабжение в виде увеличения расходов на покупку электрической энергии энергоснабжающими организациями (ЭСО). Повышение тарифов также

повлияет на рост тарифов РЭК, за счет покупки электрической энергии на нормативно-технические потери, что в свою очередь также является дополнительным фактором в росте конечной цены на электрическую энергию.

В целом вопрос введения дифференцированных тарифов по зонам суток для отдельной группы потребителей является не приемлемым, введение данного механизма необходимо рассматривать на всех потребителей.

Как показала практика, применение дифференцированных тарифов по зонам суток привело к образованию убытков у энергоснабжающих организаций, так как ночной тариф был ниже себестоимости.

В соответствии с законодательством сумма недополученного дохода или получение необоснованного дохода энергоснабжающей организацией в связи с применением потребителями дифференцированных тарифов по зонам суток учитывается при очередном пересмотре тарифов за счет соответствующего изменения отпускного тарифа.

Таким образом, данные убытки ложились на плечи тех потребителей, которые не смогли изменить свой технологический процесс и увеличить долю ночного потребления (*бюджетные организации, службы быта, магазины, сеть столовых и т.п.*), а также физических лиц, не перешедших на ночное потребление.

С учетом изложенного считаем, что на сегодняшний день вопрос возврата дифференцированных тарифов на электрическую энергию по зонам суток является преждевременным.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

А. Мамин